



Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлімшелерінің бірлестіктерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да шаруашылық субъектілеріне ақылы қызмет көрсетуі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 30 қазан N 924. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.04.08. N 505 қаулысымен. ~P970505

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлімшелерінің бірлестіктерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да шаруашылық субъектілеріне, олардың меншік нысанына қарамастан, ақылы қызмет көрсетуіне рұқсат етілсін.

Ақылы қызмет көрсету туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті өзінің жергілікті органдарына ақылы қызмет көрсетуден түскен сомадан алынатын салықтың бюджетке дер кезінде және толық аударылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 30 қазандағы
N 924 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты
хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау
жөніндегі мемлекеттік комитет бөлімшелерінің
бірлестіктерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да
шаруашылық субъектілеріне ақылы қызмет көрсетуі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомының бөлімшелері " Қазақ ССР кәсіпорындары туралы" Заңына сәйкес бірлестіктерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ басқа да шаруашылық субъектілеріне* ақылы қызметтің жекелеген түрлерін көрсете алады (қосымша). <Әрі қарай - кәсіпорындарға> .

2. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы бөлімшелері мен кәсіпорындар арасында ақылы қызмет көрсету кезіндегі қатынастарды реттеу шарт арқылы анықталады.

3. Ақылы қызметтердің белгілі бір түрінің орындалуы үшін Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомының бөлімшелері мен кәсіпорындар арасында:

бір жолғы (бір реттік) жұмысқа;
абоненттік қызмет көрсету түрінде, ұзақ мерзімдік (кезеңдік) жұмысқа шарт жасалынады.

Шарт қызметтің белгілі бір мерзімде атқарылуына немесе белгілі бір түрінің орындалуы үшін жасалады.

4. Көрсетілген қызметтің құны немесе оларды төлеу тәртібі мен шарттары шартта анықталады.

5. Шартқа кәсіпорынның жауапты өкілі мен Мемкенқадағалаукомының инспекция бастығынан жоғары лауазымдағы адам (округ бөлімінің бастығы) қол қояды және сол округ пен кәсіпорын басшыларынан жоғары лауазымдағы адамдар бекітеді.

6. Шарт төрт дана етіп ресімделеді және арнайы есепке алу журналына тіркеледі.

Жұмыс мерзімі біткенде немесе алдын ала келісілген белгілі бір көлемін орындаған кезде жұмыс орындарында ақылы қызмет көрсету жұмыстарының (қажет жағдайда шартқа қоса тіркелген күнтізбелік жоспарда көрсетілген жұмыс кезеңдеріндегі) орындалғаны туралы акт жасалынады. Жұмыстың орындалғаны туралы актіге шартта көрсетілген дәрежеде қол қойылады және көрсетілген қызмет үшін ақы төлеу міндетті негіз болып табылады.

7. Көрсетілген қызметтің құны Республиканың Мемкенқадағалаукомы органдары дайындаған калькуляция негізінде және тапсырысшымен келісе отырып анықталады. Кейбір жағдайларда көрсетілген қызметтің құнын объектінің сметалық құнына немесе жобалау жұмыстарының құнына байланысты проценттік қатынаста анықтауға болады.

Шартта көрсетілген қызметтің есептік құны көрсетіледі немесе оның шыққан шығынға негізделген анықтама жолдары айтылады.

8. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы бөлімшелері жұмыскерлерінің тұрақты жұмыс орындарынан басқа жерлерде қызмет көрсеткен жағдайда жатын орын және жол шығындарын да шартта көрсетілген тәртіп пен норма бойынша кәсіпорын төлейді.

9. Көрсетілген ақылы қызмет үшін төленетін қаржы жұмыс аяқталған соң, үш күн ішінде Мемкенқадағалаукомы органдарының ағымдағы шотына аударылуы тиіс және төмендегідей тәртіппен бөлінеді: түскен пайда сомасының 30 проценті республикалық бюджет кірісіне, ал қалған барлық сома Мемкенқадағалаукомы органдарының ағымдағы есеп шотына аударылады. Ағымдағы шоттар республиканың Мемкенқадағалаукомы органдарының өтініштері бойынша өздерінің орналасқан жеріндегі банкте ашылады.

10. Республикалық бюджетке аударғаннан қалған қаржы қызметкерлерді қосымша материалдық ынталандыруға, техникалық жабдықтауға және әлеуметтік даму мәселелерін шешуге жасалады.

Ақылы қызмет көрсетуден түскен және бір жыл ішінде пайдаланылмаған қаржы қалдығы бюджетке қайтарылмайды және алдағы жылдары пайдалануға қалдырылады.

11. Ақылы қызмет көрсеткені үшін есеп шотқа түскен қаржыны жұмсау Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы бөлімшелерінің тиісті басшыларының бекіткен шығын сметасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасы Мемкенқадағалаукомының бөлімшелері жасалынған шарттардың есебін жүргізеді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, сонымен бірге республикалық бюджетке кіріс есебінде бөлінген соманы көрсете отырып, ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржының жұмсалуды және шығын сметасының орындалуы туралы тоқсан сайын есеп береді.

13. Ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржы мекеменің, ұйымның бухгалтерлік балансында төмендегідей болып анықталады: субшот 112 "Басқа да бюджеттен тыс қаржылар бойынша ағымдағы есепшот" кірістеледі және субшот 238 "Мекемені ұстауға арналған басқа да қаржылар" бойынша несиеге беріледі.

Көрсетілген қаржылардың бір жыл ішіндегі шығыны кіріс бойынша субшот 215 "Өндірістік қызметтен түскен қаржы шығыны" және несие бойынша субшот 240 "Басқа да бюджеттен тыс қаржы бойынша ағымдағы есепшотқа" сәйкес

анықталады, ол жылдың аяғында есептен шығарылады және несие бойынша 215 субшот және кіріс бойынша 238 субшот көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 30 қазандағы

№ 924 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының

Мемкенқадағалаукомы

бөлімшелерінің бірлестіктерге,

ұйымдарға және басқа

шаруашылық қызмет субъектілеріне

ақылы қызмет көрсетуі туралы

Ережеге

Қосымша

Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы

бөлімшелерінің бірлестіктерге, кәсіпорындарға,
ұйымдарға және басқа да шаруашылық субъектілеріне
ұсынылатын ақылы қызмет түрлерінің

ҮЛГІ-ТІЗБЕСІ

1. Ақылы қызмет түрлері, қадағалаудың
барлық салалары үшін ортақ

1. Бақылауындағы өнеркәсіп салалары үшін еңбекті қорғауды
басқару жүйелерін әзірлеуге қатысу.

2. Өндірістерде, олардағы жұмыстардың қауіпсіздік деңгейін анықтау және тәртіп пен норма талаптарына сай емес ауытқуларды жою шараларын әзірлеу мақсатымен, түгендеу жұмыстарын жүргізуге қатысу.

3. Кәсіпорындардың тапсыруымен құрал-жабдықтарды қауіпсіз пайдалану туралы ұсыныстарды әзірлеп, сараптау-бақылау жұмыстарын жүргізу.

4. Кәсіпорындарға және ұйымдарға жобаға өзгерістер енгізу үшін материалдар дайындауда, қауіпсіздік тәртіптері мен нормаларына сәйкес негізгі технологиялық құрал-жабдықтарға техникалық төл құжаттар мен технологиялық регламенттер дайындауда консультациялар беру мен әдістемелік көмек көрсету.

5. Жаңа технологиялық құрал-жабдықтарды пайдалану мүмкіндіктері туралы және қауіп-қатер деңгейі жоғары объектілер үшін апатқа қарсы шараларды белгілеу жөнінде консультациялар беру мен техникалық құжаттарды қарау.

6. Жаңа салынып жатқан және қайта құрылудағы объектілерге, жобалардан ауытқу кемшіліктерін жоюға ұсыныстар жасай отырып, алдын-ала қадағалауды жүзеге асыру.

7. Техникалық қауіпсіздігіне қатысты объектілердің құрылысын жүргізу құжаттамаларын сараптауға қатысу, кәсіпорындарды пайдалану мен таратуға арналған құжаттамаларға сараптау жүргізу, сондай-ақ машиналардың, механизмдер мен басқа да жабдықтарды пайдалану мен жоюды әзірлеу. <*>

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМҚ-нің 1994 ж.

8 желтоқсандағы N 1395 қаулысы.

8. Жобалауға, құрылысқа, құрастыруға, өндірісті қайта жабдықтауға және бұрғылау-жарылыс жұмыстарын жүргізуге берілетін рұқсат (лицензия) құжатын ресімдеуде әдістемелік көмек көрсету.

9. Кәсіпорындар мен объектілер үшін жұмысшылар мен ИТЖ оқыту бағдарламасын әзірлеу, электронды-есептеу техникасын пайдалана отырып, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі қызметкерлердің білімін ауық-ауық тексеруге керекті емтихандық билеттер әзірлеу.

10. Кәсіпорынның басшы және инженер-техникалық қызметкерлерінің, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік туралы ережелер, нормалар мен нұсқаулар туралы, жұмысты қауіпсіз жүргізу, құрал-жабдықтардың құрылымы мен пайдалану туралы білімдерін қайта тексеруге және төтенше тексеруге қатысу

11. Кәсіпорындарға техникалық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу жөнінде әдістемелік және практикалық көмек көрсету, қауіпсіздік ережесі мен норма талаптарының жекелеген тарауларын қолдану хұқықтылығы туралы, сондай-ақ қауіпті жүктерді

теміржол және автомобиль көліктерімен тасу жағдайында өндірістегі техникалық хауіпсіздікті күшейтуге қабілетті техникалық шешімдерді енгізу жөнінде ұсыныстар беру мәселелері туралы консультациялар өткізу.

12. Кәсіпорындарға оқу-жаттықтыру полигондарын, техника хауіпсіздігі кабинеттерін және оқу кластарын жабдықтауды сұрыптау мен ұйымдастыруда көмек көрсету.

13. Кәсіпорындардың жарғы жобаларын қарауда және техникалық хауіпсіздікті қамтамасыз ететін құжаттарды дайындау мен ресімдеуде көмек көрсету.

14. Техникалық хауіпсіздік мәселелері жөнінде лекциялар оқу, семинарлар, басқа да оқытушылық қызметтер өткізу.

15. Кәсіпорындардың өтініштері бойынша, аяқталған өндіріс құрылысының (учаскесінің, объектінің және т.б.) қабылдау комиссиясына ұсынылғанға дейін және жіберілген кемшіліктері жою жөнінде кепілдеме берілгенге дейін, техникалық хауіпсіздік тәртібі мен норма талаптарына сәйкестігін және пайдалануға дайындығын анықтау жұмыстарын жүргізу.

16. Өндірістің хауіпті жұмыс түрлерін жүргізуге баруға хұқылы болуға, жабдықтардың жаңа үлгілері мен құрылымын қабылдауға, ЕМ-ді сақтауға қайталама рұқсат қағазын, куәліктер ресімдеу.

17. Апаттарды жою және олардың оперативті бөлімдеріндегі жоспарларды әзірлеуде әдістемелік көмек көрсету.

18. Минералды және көмірсутекті шикізаттарды жан-жақты пайдалануға байланысты мәселелер жөнінде, пайдалы қазбалардың кен орындарын ұтымды пайдалану, жер қойнауын қорғау туралы консультациялар беру.

19. Жарылыс материалдарын автокөліктермен тасымалдауға хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақылауды жүзеге асыру.

II. Көмір және тау-кен өнеркәсіптеріндегі қадағалау, геологиялық-маркшейдерлік бақылау

1. Тау бұрылыстарына, оның ішінде кен орындарын зерттеуге арналған техникалық жобалар мен жұмысты өтеу блоктарының жобаларына қатысы жоқ жобалау-техникалық құжаттарды сараптауды жүзеге асыру.

2. Құрылыс объектілері құрылысына жер таңдау, пайдалануға қайта қабылдау жөніндегі, өнеркәсіптік жағынан игеруге барланған кен орындарын беру жөніндегі комиссияларға қатысу.

3. Кен орындарын дамыту жоспарларын қайта қарап келісу.

4. Пайдалы қазбаларды шығару жөнінде құрылысты, кәсіпорынды қайта құруды, кен орындарын әзірлеуді жобалау тапсырмасын келісу.

III. Химиялық-металлургиялық өнеркәсіптерді қадағалау

1. Кәсіпорындардың тапсыруымен қазан-утилизатор балқыту агрегатының құрамындағы бу арқылы салқындату жүйелері агрессивтік жағдайларда, жарылғыш-жанғыш хауіп бар орталарда, сондай-ақ жоғары температура мен қысымда жұмыс істейтін технологиялық аппаратура (ыдыстар) туралы техникалық куәландыру жұмыстарын жүргізу.

2. Жаңа технологиялық құрал-жабдықтардың және хауіптілігі жоғары объектілер үшін апатқа қарсы белгіленген тәсілдердің техникалық құжаттарын қарау және консультациялар беру.

3. Ғылыми-зерттеу және жобалау-құрастыру ұйымдарының тапсыруымен тиісті ұсыныстар бере отырып, технологиялық объектілердің хауіптілік деңгейін бағалау жұмыстарын жүргізу.

4. Жаңа өндірісті пайдалануда белгіленген технологиялық регламенттерге, хауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімдеріндегі технологияларға пікір айту.

5. Бақылауындағы кәсіпорындарға техника хауіпсіздігі туралы кейбір келелі мәселелерді шешуде делдалдық қызмет көрсету.

IV. Мұнай-газ өндіру өнеркәсіптерінде, геологиялық-барлауда және магистралдық мұнай, газ өнімдерін жүргізуді қадағалау

1. Барлық белгіленген скважиналарды жою және тоқтатып қою үшін материалдар дайындауда консультациялар беру мен әдістемелік көмек көрсету.

2. Скважиналарды (пайдаланылатын, айдамалайтын және т.б.) ауыстыру жөніндегі материалдарды жасауға консультация беру.

3. Көмірсутекті шикізаттар қорын өнеркәсіп балансынан шығарып тастау үшін дайындалған материалдарға баға беру.

4. Мұнай, газ орындарын, газ-конденсаттарын өнеркәсіптік жағынан игеру үшін материалдарды дайындау барысында сараптау және әдістемелік көмек көрсету.

5. Магистралдық мұнай, газ өнімдерін жүргізу объектілерінің жоспарланғаннан тыс тоқтаған соң тексеру жүргізу.

6. Дайындығының жетіспеушілігінен қалып қойған жана, сондай-ақ күрделі жөндеуден өткен және қайта құрастырылған объектілерді іске қосуға қайта шақыру.

V. Газбен жабдықтауды қадағалау

1. Газбен жабдықтау туралы кооперативтердің, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, бірлескен кәсіпорындардың шығармашылық топтары талдап жасаған жобаларындағы шешімдердің қазіргі тәртіптер мен нормаларға сәйкестіктерін қарау және сараптау.

2. Кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсыруымен газ шаруашылығының коммуналды-тұрмыстық және өнеркәсіптік объектілерін салу және пайдалану кезінде жобадағы шешімдердің сақталуына сараптық бағасын беру.

3. Газбен жабдықтау объектілерінде кәсіпорынның материалдық-техникалық негізін тексере отырып, жұмыс жүргізуге рұқсат беру.

4. Тұрғын үйлерде және коммуналды-тұрмыстық объектілерде газ құрал-жабдықтарының хауіпсіз пайдаланылуын қадағалауды жүзеге асыру.

VI. Қазан шұңқырларды қадағалау және көтергіш құрылымдарды қадағалау

1. Кәсіпорындарға, ұйымдарға басқа да шаруашылық субъектілеріне төмендегідей консультациялар беру және әдістемелік көмек көрсету:

қазан шұңқырларды қадағалау, көтергіш құрылымдарды, сондай-ақ олардың элементтерінен дайындауға, құрастыруға және жөндеуге рұқсат алу үшін материалдар ресімдеу;

жүк көтергіш крандары пайдаланылатын өндірістердің жұмыс жобаларын жасау.

2. Мемкенқадағалаукомы органдарында тіркеуде жоқ қазан шұңқырларды, жүк көтергіш құрылымдарды, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, бу және ыстық су құбырларын дайындау үшін монтаждау мен пайдалануға қадағалау жүргізу.

VII. Жанғыш-жарылғыш хауіпті объектілері бар кәсіпорындар мен ұйымдарды қадағалау

Мемкенқадағалаукомы органдарының қадағалауында жоқ (фосфор, шыны, кірпіш зауыттары, машина жасау кәсіпорындарының құю цехтары және басқа объектілер) өндірісте жарылғыш-жанғыш хауіп бар өнеркәсіптердің барлық салаларындағы кәсіпорындар мен ұйымдарға техникалық хауіпсіздік мәселелері бойынша қызмет көрсету.

